


«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының әдіскер
 Махашева А.Е

«9 –Мамыр Ұлы Жеңіс-Жасасын»

Тәрбиеші: Тамашова Жазира
№2 «Балбөбек» ортаңғы тобы

2023-2024оқу жылы

9-Мамыр- «Ұлы Жеңіс – Жасасын!»

Мақсаты: 1. Білімділік: Балаларға Ұлы Отан соғысының мазмұнын әңгімелеп, Ұлы Жеңіс туралы мағлұмат беру, жеңіс, ерлік, батырлық туралы түсінік, ұғым беру, білімдерін жетілдіру, Қазақстандықтардың ерліктерімен таныстырып, ой-өрісін кеңейту.

2. Дамытушылық: Балалардың ақыл-ойын, қиялын, тілін, сөз байлығын, эи айту қабілетін дамыту. Би қимылын музыкаға сәйкестіре жасауға төсілдіру. Шығармашылық күзіреттілігін арттыру. Зияткерлік қабілетін дамыту.

3. Тәрбиелілік: Отанды қорғауға, Ұлы Отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге, сүйіспеншілікпен қарауға, Отанын сүйуге, үлкенді құрметтеуге, отан үшін шайқасқа түскен аға- апаларымыздың рухына бас июге, үлкенге – құрмет, кішіге-ізет етуге, балалардың патриоттық сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелеу.

Билингвальді көстілділік: Жеңіс-Победа, Отан-Родина.

Қажетті құралдар: Гүлдер, жалаушалар, шығыршықтар, шаршылар, көгершіндер.

Техникалық құрал: Компьютер, теледидар.

Құрметті ардегер аталар, ұстаздар мен балалар! Баршамызға белгілі 9 мамыр 5 жылға созылған ұлы Отан соғысында неміс басқыншыларын өз ордасында күйрете талқандап, әділетті елімізге жеңіс әкелген күн. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қанша бала жетім қалды, қанша ана жесір қалды, қаншама қыршын боздақтарымыз отан үшін өмірін қиды. Соғыс зардабы қаншама жүректерге жазылмас жара салды. Биыл міне, сол жеңіске де жыл толды. Біз өте қуаныштымыз. Бірақ, бізге – тыныш жылдар, бақытты өмір сыйлаған ата-бабаларымыздың ерлігін ұмыттырмақ емес! Ерлер есімі – ел есінде мәңгілік сақталады.

Екі қолмен шоқ көсеп ойнағандар,

Кеудесін отқа төсеп лаулағандар.

Бір сәтке сол ерлерді еске алайық

Жеңіс тойын бүгінде тойлағандар, - деп сонау сұрапыл жылдары Жеңіс күнін

жақындатуға атсалысқан жандарды, соғыс құрбаны болған батырларды еске алып,

1 минут үнсіз тағзым жасайық! Отан үшін оққа ұшқандарға мәңгі өшпес даңқ! Ал арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне сансыз алғыс!

Қазір біздің балалардың Ұлы Жеңістің-жылдығына арнайы дайындаған ертеңгілігін тамашалаңыздар.

Тақпақтар: 1, 2, 3, ...

1. Жеңіс келді далама,

Жеңіс келді ән болып .

Жеңіс келді қалама ,

Келді ауылға сән, көрік!

2. Бәріде майдан үшін ,

Бәріде жеңіс үшін .

Біздер үшін жанын қиған,

Бас иеміз жандарға.

3. Ұмытпа сен елімізге ,

Бақыт тегін келмегенін.

Ұмытпа сен елімізге,

Жеңіс тегін келмегенін!

Балалар орындыққа отырады.

Жүргізуші: Осы сұрапыл соғыста ер азаматтармен бірдей біздің апаларымызда өздерінің естен кетпес ерліктерін көрсетіп, отан үшін қан майданда жараланған солдаттардың жанын сақтап өз көмектерін аяған жоқ. Сұм соғыстың өзі өрімдей жап-жас Әлия мен Мәншүк қыздарымызды ала кетті. Мәншүк 19 жасқа келгенде соғысқа аттанды. Ол пулеметші, мерген болған. Мәншүк ерлікпен қаза болды, елі үшін отқа түсіп, жас өмірін отан үшін қиды.

1. Әлия орыс қаласын 2. Әлияны бұл күнде Азат етіп болды мерт Барлық бала біледі

Ол жеңісті көрген жоқ Әлия аты-көңілді
Келді кейін азат күн. Әпкеміз, деп жүреді.

3. Пулеметті сөйлетіп
Қорғады алтын бесігін

4. Қосамыз біз өлеңге
Айтамыз біз ән қылып

Ұмытпаймыз өрлетіп Міншүк әпке ерлігі
Мәншүк апа есімін.

Ұмытылмас мәңгілік!

Жүргізуші : Ана нәзік, ана мейірімді бұл мереке тек ер- азаматтарымыз үшін ғана емес, аналарымызға және барша халықтың мерекесі, елінде қалған аналар соғысқа кеткен азаматтарының тілеуін тілеп, күні-түні еңбек даласында аянбай еңбек етті. Өзінің нәзіктігіне қарамастан шырылдаған баласымен қоса, тылда еңбек еткен, елімізде аналар жетерлік. Ендеше құрметті де аяулы аналарды Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтаймыз!

Аналар осылайша жүзге жеткін
Ұл-қызын енді өзінді еркелетсін
Әрқашан шаттықтардан орын алып
Уайымның не екенін білмей өткін!

Ән «Мен қазақтың қызымын».

Жүргізуші:

- Соғыс жылдары-ақ қазақстандық бес әскери құрамға гвардиялық деген құрметті атақ беріліп, олардың туларына әлденеше ордендер қадалды. Олардың жауынгерлерінің ерлігі аңызға айналды. Солардың ішінде атақты 28 гвардиялық Панфилов дивизиясы бар. Оның құрамынан шыққан 28 батырдың батальон, кейіннен дивизия әскери қолбасшысы болған Бауыржан Момышұлының, Мәлік Ғабдуллиннің есімдері соғыс тарихынан мәңгілік орын алады.

Жаралғандай жалыннан

Жайсаң батыр-Бауыржан
Естігенде есімін,
Жау есінен жаңылған!

Слайд көрсетілді.

Ойын: «Жауынгер досын құтқару».

Шарты:балаларды екі топқа бөлу,әр топта бес баладан болады,екі жүргізуші тағайындалып ,олар жауынгер достарын шағыршықтың көмегімен,кездескен кедергілерден мүдірмей өтіп, жаудан қорғап, бөлменің екінші бөліміне тасиды.

Тақпақтар:1.Көңілдей тұнық көк аспан,
Бақыты жанған әр үйдің.
Күлкісі балғын жарасқан,
Ұйқысы тыныш сәбидің.
Әлі де туған жер үстін,
Кезіп жүр ағаш балдақтар,
Атадан қалған жеңістің,
Сақтандар туын, солдаттар.

2.Құтты болсын,жеңіс күні ағайын,
Көптен күткен ұлы күнде жар салайын.
Ата-бабам қан берісіп,шайқасқан,
Ата-бабам намыс бермей айқасқан.

Жеңіс күнін қарсы алайық бәріміз,
Жеңіс күнін тойлайық жас-кәріміз.

Осындай бір бейбіт өмір сыйлаған,
Ардагер аталарға мың алғыс!

Жүргізуші:Рахмет балалар.Енді соғысқа қатысқан батырлар,жараланған жауынгерлерге қалай көмек көрсеткендеріне куә болйық.

Ойын: «Жарақат таңу».

Би: «Жеңіс Туы желбіреп».

Жүргізуші: Балалар, біз аға-апаларымыз үшін қарыздармыз. Отан үшін жанын аямай, орасан зор қайсарлық, батырлық, ерлік көрсеткен ержүрек батырларды бүгінгі күнде еске алу, ұмытпай есімдерін тарихта жаңғыртып отыру- сіздердің және біздердің парызымыз!

Ешқашанда енді соғыс болмасыншы
Түлдері ата-ананың солмасыншы
Жеңерміз қиындықты қайыспастан
Тек қана елге амандық орнасыншы. –деп мәңгі өшпес алауға гүл шоқтарын қояйық.

Жүргізуші:Балалар,бүгін бізге құрметті қонақ,ардагер Бейсенбаев Өріспек атамыз келіп отыр.Ардагер атамыз сендерге Ұлы Жеңіске қалай қол жеткізгені туралы әңгімелеп береді.

Ардагер ата сөз сөйлейді,балалар гүл шоқтарын сыйлайды.

Жүргізуші : Балалар ендігі жерде соғыстың өзі түгілі аты аталмасын, жер бетінде, бүкіл әлдемде тек бейбітшілік, бейбіт өмір болсын, әрқашан күн сөнбесін деп аспанға бейбітшілік құстарын ұшырайық! Балалар қолдарындағы құстарды ұшырады .

Ақ көгершін қалықтап
Аспанда ашық самғаған

Тыныштық болып елімде
Қанаты оның талмасын!

Бейбіт болып әрбір күніміз.

Береке тола берсін жылымыз.

Биіктерге тұрсын мәңгі желбіреп.

Көк аспанмен түстес біздің туымыз – деп құрметті балалар осымен мерекелік
ертеңгілімізді аяқтаймыз! Ұлы Жеңіс құтты болсын!

«Тексерілді»

«Балбөбек» жетекшілік

шағын орталығының

әдіскері  Махметова Т.Е.



Тақырыптық ұйымдастырылған іс- әрекет

Тақырыбы: «Біз отанның сарбазы»

Өткізген №3 «Ботақан» ересек

тобының тәрбиешісі Карасаева А

2023- 2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Біз Отанның сарбазы!»

Мақсаты: Балалардың 7- мамыр Қазақстан Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында батырлық, жігерлік қасиеттерін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс : әскер,батыр.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру,сұрақ-жауап, әңгімелеу,мадақтау,қорытындылау.

Қажетті көрнекі құралдар: тақырыпқа сай суреттер.

Шаттық шеңбері

Балалар шеңбер бойына тұрып,қимылды жаттығулар жасайды.

Бір шаңырақ астында,

Тату-тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз асты да,

Бірге сайран құрамыз.

Балалар қимыл арқылы өлең жолдарын қайталайды.

-Балалар есімізге жыл мезгілдерін түсіріп алайық.

-Бір жылда неше мезгіл бар?-төрт мезгіл

-Қазір жылдың қай мезгілі?-көктем мезгілі

-Көктем мезгілінде неше ай бар? -үш ай бар,наурыз,сәуір,мамыр

-Қазір қай ай?-мамыр айы

-Мамыр айында қандай мерекені аттап өттік? 1 мамыр-достық,бірлік күні

Тәрбиеші:

- Дұрыс айтасындар, 1 мамыр-достық,бірлік күнін аттап өттік. Енді 7 мамыр – Ұландар күнін яғни Отан қорғаушылар күнін атап өтеміз. Соған орай бүгінгі іс – әрекетіміздің тақырыбы «Біз Отанның сарбазы» деп аталады.

Балалар, біз өзімізге бейбітшілік сыйлаған ата-бабаларымыздың ерліктерін мәңгі ұмытпаймыз, солардың арқасында біз шаттықты, бақытты өмір сүрудеміз, балабақшаға келеміз,ойнаймыз, ұйықтаймыз. Біздің тұңгі тыныш ұйқымызды күзететін Отан қорғаушыларымыз бар яғни олар сендердің ағаларын.

Соғыс болмас үшін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтау үшін бүкіл әлем мен біздің Отанымыздың шекарасында Отан қорғаушылар тұрады.

Суреттерде Отан қорғаушыларды көрсетіледі.

Балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік:

Балалар суретте көрсетілген Отан қорғаушылардай, сендерде үлкен азамат болғанда әскери қызмет етуге барасындар. Отанымызды қорғап нағыз жігерлі азамат сарбазға айналасындар.

Енді біз «Біз сарбазбыз» ойынына кезек берейік.

Енді біз «Біз сарбазбыз» ойынын ойнайық.

Шарты : Балалар үш шеңбер жасап тұрады.Әр шеңбер өз тапсырмасын алады.

Бірінші шеңбер: «Ұшқыштар»

Екінші шеңбер :«Атты жауынгерлер»

Үшінші шеңбер :«Жаяу әскерлер»

Ұшқыштар қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберінде «Ұшқыштар ұшады», басқалары қарап тұрады. Музыка ойнағанда «Жаяу әскерлер» адымдайды, келесі музыкада «Атты жауынгерлер» шабады, олар ат шабысын салады. Музыкаға сәйкес ұқыпты орындағандар жеңіске жетеді. Балалар музыка ырғағымен ұшады, шабады, адымдайды.

Енді Отан тақырыбында тақпақтарға берейік.

Ерсултан

Ата-бабам жанын қиып қорғаған,
Тәңірі қолдап, бақ-береке орнаған.
Қазақстан азат елсің сен бүгін
Ақ тілегін болашаққа арнаған

Тарихы бар дастанындай ерліктің,
Дәсүрі бар үлгісіндей ерліктің,
Қазақстан алтын бесік Отаным.
Ұлы Ордасы татулық пен теңдіктің.

Раяна.

Отан- сенің ата-анаң,
Отан- досың, бауырың.
Отан - өлкең, астанаң,
Отан- аудан, ауылың.

Бағдаулет.

Отан жерім, Отан –суым.
Отан –қуат нәр береді.
Отан-ұран, Отан туым,
Отан-мәңгі гүлденеді.

Айзере

Туған жерде толамыз,
Ертең жігіт боламыз.
Отан-ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз.

М.Айзере. Саркылмайтын қуаты Тілегімсің сен-Отан Мәңгі соғып тұратын
Жүрегімсің сен- Отан.

Енді балалар батырлар жайлы мақал-мәтелдер айтайық.

Касым

Батыр мың қол бастайды,
Шешен тар жерден сөз бастайды.

Сафия

Батыр туса ел ырысы,
Жаңбыр жауса жер ырысы.

Б Алину

Есейгенде ер болып,
Елді жаудан сақтаймын.

Балалар 7 мамыр қандай мереке болды?

- Отан қорғаушылар күні.

- Батыр болу үшін, елімізді жаудан қорғау үшін қандай болуымыз керек?

- Ержүрек, батыл, батыл болу керек.

Алға бас, қарышта жас ұлан,

Қанатты талмайтын жас қыран.

Жастықтың жігері бойында,

Өзендей күші бар тасыған.

Ән «Ел қорғауға әзірміз»

Балалар «Ел қорғауға әзірміз» ән орындайды.

Осымен ашық оқу іс әрекетімізді аяқтаймыз.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

